

Жамбыл облысы Қордай ауданы Қақпатас ауылдық округі Беріктас ауылының шекарасын (шегін) өзгерту және белгілеу туралы

Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 28 қарашадағы № 417 бірлескен қаулысы және Жамбыл облысы Қордай аудандық мәслихатының 2025 жылғы 28 қарашадағы № 52-3 шешімі

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 108-бабының 5-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 3) тармақшасына сәйкес, Қордай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Қордай ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы бірлескен қаулы мен шешімнің 1, 2 қосымшасына сәйкес Жамбыл облысы Қордай ауданы Қақпатас ауылдық округі Беріктас ауылының шекарасының (шегінің) жалпы алаңы 34974,28 гектар болып белгіленіп, елді мекеннің санатындағы шекарасынан (шегінен) 277,72 гектар жайылым жер учаскесі көпшілік пайдаланатын жайылымдар санатынан алынып, мемлекеттік жер қорына ауыстырылсын.

2. Осы бірлескен Қордай ауданы әкімдігінің қаулысының және Қордай аудандық мәслихаты шешімінің орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы бірлескен Қордай аудандық әкімдігінің қаулысы және Қордай аудандық мәслихатының шешімі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.


Қордай ауданының әкімі

Қордай аудандық мәслихатының төрағасы

Б. Болатбеков

Н. Садыков

Қордай ауданы әкімдігінің
2025 жылғы 28 қарашадағы № 417
мен Қордай аудандық мәслихатының
25 жылғы 28 қарашадағы № 52-3
бірлескен қаулы және шешіміне
2 қосымша




Шектесу жерлерінің сипаттамасы

А дан Б ға дейін Бетқайнар а/о жері
Б дан А ға дейін Қақпатас а/о жері

Шартты белгілер

	Беріктас ауылының қолданыстағы шекарасы
	Жер қорыны ауыстырған жайылым



Беріктас ауылының шекара алаңы - 5 187,76 га.
Жобаланған алаң - 277,72 га
Беріктас ауылының жалпы ауданы - 34 974,28 га

